ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МУХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 ҮЙ

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505

№ 3872
«13» 10 2026 жыл

Білім беру ұйымдарының басшыларына

Абай облысының білім басқармасының 2026 жылғы 08 қазандағы №3456 хаты негізінде, Семей қаласының білім бөліміне қарасты мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) базасындағы мәліметтеріне жүргізілген талдау нәтижесінде бірқатар деректердің қате енгізілгені және өзектілігін жоғалтқаны анықталғанын хабарлайды.

ҰБДҚ базасындағы қате мәліметтер мемлекеттік аттестаттау кезінде, біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру барысында және өзге де бақылау- мониторингтік іс-шаралар кезінде кемшілік ретінде қарастырылатынын ескертеміз. Сонымен қатар, бұл жағдай білім беру ұйымдарының, қалалық білім бөлімінің және облыстың жалпы рейтингіне кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды тұлғаның қызметтік міндеттерін орындамауы, сондай-ақ оларға салғырт қарауы әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатыны ескертіледі.

Осыған байланысты:

- **ҰБДҚ жүйесінде қалыптастырған деректердің дұрыстығына, нақтылығына және өзектілігіне талдау жүргізу;**
- **Анықталған қателер мен сәйкессіздіктерді жою бойынша тиісті түзету жұмыстарын жүргізу;**
- **ҰБДҚ-дағы деректердің бастапқы құжаттармен және нақты көрсеткіштермен сәйкестігін қайта тексеру;**
- **ҰБДҚ-ға енгізілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуді.**

Ақпараттың сапалы әрі уақытылы ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында аталған жұмыстарды білім беру ұйымының басшылары жеке бақылауына алу керектігі ескертіледі.

ҰБДҚ-дағы білім беру ұйымдарының деректерінің дұрыстығы мен өзектілігіне білім беру ұйымдарының басшылары мен жауапты мамандарының тікелей жауапкершілігінде екендігін естеріңізге салып өтеміз.

Барлық білім беру ұйымдарында оқушылар мен педагогтер туралы деректерді нақтылап, мектептің **материалдық-техникалық базасына** қатысты ақпаратты жүйеде жаңарту жұмыстарын жүргізу қажет.

Аталған жұмыстарды **15 қазанға** дейін толық реттеп, ҰБДҚ базасына жаңарту енгізу қажет. Әр білім беру мекемесі бойынша ҰБДҚ-дағы жаңарту жұмыстарының орындалуы тексерілетін болады.

Осы тапсырманың уақытылы әрі сапалы орындалуына жалпы басшылық жасау әр мекеменің басшысына жүктеледі. Атқарылған жұмыстар туралы **басшының қолы қойылған ақпаратты ресми хат арқылы** semsk_nto@mail.ru электрондық почтасына жолдауларыңыз сұралады.

Бөлім басшысының м.а. **Г. Нургалиева**

Орынд. Г. Закирова
Тел.87476200534